

ӘЛШЕКЕЙ КҮЙШІ ТУРАЛЫ ДИПЛОМ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛҒАН?

Қаратаудың теріскейі мен күнгейі тегіс таныған Әлшекей күйшінің дарындығына ешкім шәк келтірмейді. Ол дара еді. Бертінде белгілі болған атақты күйшілердің өзі Әлшекейдің алдында өнер көрсетуге батылы бара бермесе керек. Себебі неде? Өйткені оның күй құдіреті Қаратау бойындағы шертпе мен төкпе мақамды жұптап, күрделі штрих жасау шебері екен.

Мұны әйгілі жазушы Ақселеу Сейдімбеков «Әлшекей – күйші-композитор ретінде Сыр бойындағы музыкалық мектептің көшбасында тұрған көрнекті тұлға. Қазақтың ән өнерінде Сыр бойының жыршы-жыраулық дәстүрі қандай дара болса, күйшілік өнерде де Әлшекейдің қолтаңбасы сондай дара» деуінің өзі бүкпесіз баға еді.

Күйші мұрасын зерттеуде Ақселеуден асқан ғалым жоқ. Ол Қаратау бойын, ауыл арасын былай қойғанда, кеңестік кезеңде тіпті Тәжікстанға арнайы барып, Әлшекейдің зиратын тауып, ондағы елмен әңгімелесіп, бірнеше күйін жинақтаған.

Тарих ғылымының докторы, белгілі ғалым Хазретәлі Тұрсын: «Ақселеу Сейдімбековке арнайы барып жолыққанымда «Қазақта сүйек қосу деген салт бар ғой. Ұлтымызды ұлықтау үшін шетте қалған ұлыларымыздың сүйегін елге жеткізу керек. Күйшінің сүйегін туған топырағына әкеліп қосатын ұрпағы бар ма екен?» деп Әлшекейдің өз дарынын, күй киесін жат жерде қалдырмай, туған топырақтың тектілігін онан сайын мәртебе етуді мақсат тұтқанын» еске алады. Бұл дегеніңіз, ұлтқа, ұлт мұрасына, ғибратқа толы ғажап құндылығына қамқорлық, жанашырлық, сайып келгенде рухты тірілтудің риясыз пейілі еді. Сөзіме себепкер бір оқиғамен осы жерден бір шегініс жасайын.

Әлшекей үш әйел алған. Бәйбішесі Шолпаннан Ерсұлтан, Байсұлтан өмірге келген. Шолпан анамыздың ғұмыры қысқа болып, ерте дүние салады. Екінші әйелі Сырғакүлден Қарабала, Жұмабек, Данабек туылады. Ал, үшіншісі Қаракөзден Мұса, Әлеухан бар. Осының ішінде Әлшекей күйлері Қарабала мен Данабек арқылы тараған деседі. Қарабала 1954 жылы 82 жасында, Данабек 1969 жылы 76 жасында қайтыс болған.

Дәнебектің баласы Жидебай бір естелігінде: «Ташкент облысына қарасты «Қазақстанның XXXX жылдығы» атындағы шаруашылыққа көшіп келгенімізге біраз болған. Бір күні Жәкем (Дәнебек) кешке дейін домбыра тартты. Әдеттегідей бейсауыт адамнан қымсынбады да. Әйгілі ұстаға бір қара мал беріп жасатқан қара домбырасы болушы еді, атамның көзін көрген деп отыратын. Сол домбыраны бауырына басып отырып, ұзақ тартты. Құлақ салып отырмыз, бір күйді екінші қайталаған жоқ. Бір сәт әкейге көз салып қарап едім, ағыл-тегіл жылап отыр екен. Көз жасының жоруы толассыз төгілген күйі сияқты. Іштегі шерін ақтарып тартты. Өлден уақытта орнынан тәлтіректеп тұрды да, қара домбыраны тізеге бір қойып, екі бөлді. Екі бөлді де, жанып жатқан ошаққа тастай салды. Сонда айтқаны ғой: «Осынша құмжебіл болармысың, іштегі шерді ортайтама десе, үңгіп қоймады ғой. Әкем мен Қарабаладан қалған, Сәрсенбегімді жалмаған қу тақтай, менен де қаларсың», деді.

Сырт көзден жасқануын былай қойғанда, Жәкем діндарлау кісі еді, қайтып домбыра ұстамай кетті» деп тоқталады. Бұл жерде күйшілік дәстүрді серік еткен әкесі Әлшекейдің мұң-зарын, елден бездіріп жіберген биліктің үстемдігін, туған жерге деген сағынышын, құсалықпен өткізген тағдырын ілік етсе керек.

Ақселеу Сейдімбектің сүйегін туған жерге әкелуді айтқаны, ең болмаса еліне жетіп, жаны жәй тапсын дегені болар.

«Сыр сүлейі» атанған күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлы 1847 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 12 жасынан бастап ел ішінде домбырашы бала атанған ол өсе келе Сыр өңіріне есімі әйгілі күйші болады. Оған бір ғана мысал: 1902 жылы «Орынбор-Ташкент» темір жолы Жаңақорғанға жетпей, Төменарық вокзалы салынады. Осы салтанатқа орай сұлу сәйгүлік мінген, Сыр мен Қырдың күйші-жыршысы түгел жиналады. Төменарық вокзалын ашуға Түркістан өлкесінің сол кезеңдегі генерал-губернаторы Николай Александрович Ивановтың өзі арнайы келеді. Қазақ даласындағы

дүбірлі шара күткендегіден де асып түсіп, ерекше толғаныс тудырады. Сонда риза болған генерал-губернатор өнер көрсеткен қырық жігіттің арасынан Әлшекей күйшігі қатты ықыласы ауады. Дене бітімі тау тұлғалы, қолы шоқпардай, қимыл-қозғалысына көз ілеспейтін ерекшелігіне тәнті болған. Сөйтіп оның суретін салдырып, вокзал төріне ілгізіп қойыпты. Әлшекей күйшінің суреті бертінге дейін вокзалдың төрінде тұрған.

Әрине, Әлшекейдің тағдыры Қазан төңкерісі болғаннан кейін қиын-қыстауға тап келді. Байдың ұрпағы деген жала-желеумен отбасы, туыстарымен қудалауға ұшырайды. Содан тәжік ауып кетті және ол жақтан оралмады. Мүрдесі сонда. Оған арнайы тоқталамыз.

Елден кеткен Әлшекей алдымен Өзбекстанның Жызақ, Самархан жағында кіре тартып, күнелтуге тура келеді. Солай болады да. Бірақ бұл жер күнкөріске жайсыз болған соң тәжікке беттейді. Жолай Бадының желіне ұрынып, Жұмабек пен Әлеухан балалары қайтыс болады. Жол азабына шыдамай Әлеухан мен Мұсадан туған екі немересі қатар шегінейді. Амалсыз Шәрбат ауданына қарасты Яуан қыстағына тұрақтайды.

Жалпы, осы арада екі мәселені айтқан жөн. Біріншісі Алаш арыстары Сұлтанбек Қожанов пен Тұрар Рысқұловтың Тәжікстанды Өзбекстанға қосқалы тұрғанда дербестігін сақтап қалуға ықпал болғаны тарихтан белгілі. Яғни, қай тәжік те қазаққа қарыздар екенін біліп, ыстық құшағын ашуға ынталы еді. Екіншісі, көпті көрген көнекөз қария Қалаш Басқожаевтың айтуынша, Әлшекей күйшілікпен қатар батыр, ержүрек болғанын жеткізеді. Демек, ағайынды бастап жүрген жолбасшы ретінде сыртқы жаудан пана боларлық сенімді арқалады. Дәл Вахш өзені маңайында лақайлар өмір сүрді. Ресей тарихшысы И. П. Магидович лақайдың шығу тарихын қазақпен байланыстырады. Ал, шығыстанушы, Орта Азия халықтарының мәдениетін зерттеуші М. С. Андреев болса, лақайдың арғы тегін қонырат, найман, арғынға түйістіреді.

Жалпы, Қазан революциясынан кейін большевикке бағынбаған басмашыларды лақайдан шыққан Наполен аталған Ибрагимбек басқарды. Оның отрядымен Әлшекей тез тіл табысқан секілді. Өзі батыр, әрі туыстық негіз, сондай-ақ қуғынға түскені оларды ортақ мүддеге жетелегендей көрінеді. Бәлкім, осындай байланыс Әлшекейдің ұзақ тұрақтауына түрткі болған ұқсайды.

Кезінде Манап ақын Алматыдан арнайы магнитофон алдырды. Екі кісі әрең көтеретін сол кезгі еңселі құрылғына мәдениет бөлімінің жүргізушісі Алмас Қалдыбаевпен Сунакатада күріш егіп жатқан баласы Жидебайдың қос басына барады. Сол жерде бірнеше күйін таспаға жаздырып алады. Қазір ол алтын қорда сақтаулы.

Соның бір дәлелі ретінде халық ақыны Манап Көкенов:

«Тұрғанда сұлу Сырдың жағасында,

Намаздыгер, намазшам арасында.

Самал жел, саф ауасы, су сылдыры,

Өнерге шабыт берер нанасың ба?

Толқын ойнап түскенде сабасына,

Ерекше әсер алмай қаласың ба?

Өмір де Сыр толқыны секілді-ау деп,

«Толқын» күйін шертіпті баба сонда», – деп күйшінің ішкі жан тебіренісін ашып берген екен.

Әлшекейдің күйлерін зерттеушінің бірі Досан Шпақов музыкалық білімі болмаса да табиғи дарындылығы арқасында домбыраның құлағында ойнаған кісі. Уақытында оқи алғанына өкініп, сол олқылығын толтыру мақсатында қызы Дариғаны консерваторияда оқытты. Дипломдық жұмысын Әлшекейдің шығармашылығынан қорғауға бекінеді. Бұған дипломдық жетекшісі қарсылық білдіреді. Себебі Әлшекей туралы ешқандай дерек болған емес. Бұл жайлы Ақселеудің "Ахмет Жұбановтың құлағына қалай жетпеген?" деуі де тектен-тек айтылған жоқ. Бұған елден сырт қалғаны себеп шығар...

Тіпті Досан әкесінің тапсыруымен Дариға дипломды қазақ тілінде жазады. Бұл сол кезгі саясат үшін күтпеген оқиға болатын. Мұнан соң жетекшісі мүлдем басын алып қашты. Кілең орыс пен еврей ұстаздық ететін консерваторияда алғашқы дипломдық жұмыс ақыры

қазақша сәтті қорғалды. Қызығы сол, Әлшекей Бектібайұлы күйлері сонан бастап студенттер мен профессорлар құрамына еркін еніп, ғылыми жұмыстар тақырыбына айналды. Бір өкініштісі, тұрмыстық тауқымет салдарынан Дариға Шпақова сүйікті мамандығын жалғастыра алмады. Ол қазір Талғар ауданында тұрады.

Қазір Жаңақорған ауданында Әлшекей атында өнер мектебі бар. Мұнымен қоса шөбересі Оңғарбай Дәнебеков басқаратын қоғамдық қор жұмыс істейді. Қордың алғашқы табысы – өнер мектебі алдына еңселі ескерткіш қойып отыр. Ескерткіштің бой көтеруіне белгілі сәулетші Марат Көпешовтың еңбегін ерекше атаған жөн. Бұл да ұлы күйшінің өнері рухани жағынан жаңғыру үстінде екенін білдіреді. Жыл сайын күйші атында конкурс, байқау өтіп келеді.